

**А. С. Байғараев, ҚР ІІМ Б. Бейсенев атындағы Қарағанды академиясының қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының аға оқытушысы**

**АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУДЕ АҚШАЛАЙ ЖАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аннотация. Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізуіндегі ақшалай жаза шарасы сипатталады. Оның алдын ала тергеуде қолдану аясы, мүмкіндіктері айқындалады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа жобасында реттелген ақшалай жаза шарасына қысқаша шолу жасалған.*

*Түйін сөздер: алдын ала тергеу, ақшалай жаза.*

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі елеулі түрде өзгерді. Бұл өзгерістер қылмыстық іс жүргізудегі өзге де мәжбүрлеу шараларының бірі — ақшалай жазаға да өз әсерін тигізді. Ақшалай жаза Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 160-бабында сипатталған. Қылмыстық іс жүргізу заңы бұл шараны алдын ала тергеу мен сот отырысының жүргізілуі барысында қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар өздеріне жүктелген міндеттерін бұлжытпай орындауын қамтамасыз ететін манызды құралы ретінде қарастырады.

Алдын ала тергеуді жүргізу барысында ақшалай жазаны қолдану мүмкіндігінің болуы немесе оны заңды түрде жүзеге асыру қылмыстық іске қатысушылардың өз міндеттерін анықталған мерзімде және дұрыс орындауына әсерін тигізеді, алдын ала тергеудің тиімділігін арттырады. Сот отырысында тәртіпті қамтамасыз етіп қана қоймай, сот отырысының заңды түрде жүргізілуімен қатар жалпыға сотты құрметтеу, сот билігіне бағынуды ұғындыратын басты құрал болып табылады.

Соңғы жылдары сот және тергеу іс-тәжірибелерінде іс жүргізуге қатысушылар өздеріне ҚР ҚІЖК (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексі) негізінде жүктелген процессуалдық міндеттерін орындамау (анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға және сотқа келуден жалтару; жауап беруден бас

тарту, олардың заңды талаптарын негізсіз орындамауы және т. б.), сот төрағасын құрметтемеу әртүрлі нысандарда (сот отырысы залында өзін дұрыс ұстамауы, басқа қатысушыларға қатысты балағат сөздер айтуы, сот төрағасының талабын орындамауы) көрсету жағдайлары орын алуда. Осы аталған себептерден қылмыстық іс жүргізуде ақшалай жаза шарасына көбірек көңіл бөлу қажет етіледі.

Осыған байланысты ақшалай жаза шарасын қолдану тәртібін және негізін реттейтін, тергеу органдарының лауазымды тұлғаларымен, прокурорлармен, судьялармен қылмыстық істі тергеу барысында басшылыққа алып қолданатын ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулықтарды дайындау, белгілі бір құқықтық нормаларды өңдеу қажеттілігі туындап отыр.

Елбасы Н. Назарбаевтың биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ақшалай жазаны балама-лы жауапкершілік шарасы ретінде қолдануды күшейту қажеттілігі көрсетілген болатын, сонымен қатар, «...қазіргі құқық қорғау жүйесі ескі жүйенің кемістіктерін сақтап қалған», «...әсер ету шараларының ішінде айыппұл басқа шаралармен салыстырмалы түрде қарағанда тек пайыздың төменін құрайды» және «...құқықтық реформа жүргізу қажет» деген сөздер айтылған болатын<sup>1</sup>.

Осының өзі ақшалай жазаның қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылатындығын куәландырады.

Аса маңызды көңіл бөлетін жағдай бұл, іс жүргізуде мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай жазаны қолдануды тиімді рәсімдеу мақсатында ҚР ҚІЖК-ін оңтайландыру, яғни, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасымен де негізделеді. Яғни, аталмыш Тұжырымдамада қылмыстық іс жүргізу құқығын жетілдірудің негізгі бағыттары ретінде қылмыстық процесті жеңілдету және оның тиімділігін арттыру қамтылған<sup>2</sup>.

Ақшалай жаза шарасы алғаш рет ҚР ҚІЖК-не Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 21 желтоқсан айындағы № 363-ІІ Заңымен енгізілді. Содан бері елімізде ақшалай жаза шарасына арналған ешбір ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілмегендігі баршаға мәлім. Осының өзі қылмыстық іс жүргізудегі ақшалай жаза шарасына қатысты тереңдетілген зерттеуді, оны жетілдіруге бағытталған құқықтық реттелген нормаларды өңдеуді қажет ететіндігін сөзсіз куәландырады. Заңнамада көрсетілген ақшалай жаза шарасында нормативтік құрылымның аяқталмағандығы, осы шараға байланысты толыққанды жұмыс атқарылмағандығы байқалады. Қазіргі уақытта қылмыстық істі тергеу барысында ҚР ҚІЖК-де белгіленген ақшалай жаза шарасын қолдануын реттейтін құқықтық норма жүйесінің толықтылығы, нақтылығы мен ішкі бірізділігі бар екендігі көрінбейді.

Осы таңда, ақшалай жаза шарасына тартуға мүмкін болатын тұлғалар тобын анықтауда қылмыстық іс жүргізу құқығы теориясы мен қатар тәжірибелік қызметкерлер арасында көптеген өзара келіспеушілік даулар туындауда. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушыларға қатысты ақшалай жазаны қолдану негізін ашатын, орын алған іс жүргізулік құқық бұзушылық фактісі бойынша процессуалдық бекіту тәртібін анықтайтын нормативтік ережелер қосымша түсініктер мен толықтыруларды қажет етеді. Сот отырысы залындағы тәртіпті қамтамасыз ету шараларына арналған құқықтық норманың қысқалығы да, отырыс барысында төрағалық етушінің талаптарын орындамағаны үшін қолданылатын ақшалай жазаға қатысты түсінік қажет ететін бірнеше сұрақтардың пайда болуына себеп болып отыр.

Мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай жазаның заңнамалық регламенттелуінің кемістігі, ең алдымен оның тәжірибеде қолдануын тежейді, әрекеттің дұрыс сараланбауына себеп болады немесе құқықтық ретсіздікті тудырады. Ал, осы аталғандардың жиынтығы қылмыстық істер бойынша іс жүргізуге, сот әділдігінің тиімді орындалуына жағымсыз әсер етеді.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізулік заңына сәйкес ақшалай жаза сезікті мен айыпталушыдан басқа барлық іс жүргізуге қатысушыларға қолданылуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің Тұжырымдамасына сәйкес ақшалай жаза кодекстің жаңа басылымында сезікті мен айыпталушыға да қатысты қолдану мүмкіндігін береді. Нақтырақ айтатын болсақ, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа баспаға дайындалған жобасының 153-бабы ақшалай жазаға арналған. Кодекс түбегейлі өзгерістерге ұшырағанымен ақшалай жаза шарасына оның қатысы болмапты. Алайда, аталмыш жобаның 159-бабы сезікті мен айыпталушыға ақшалай жазаны қолдануды қарастырады. Көрсетілген баптың диспозициясын қарастыратын болсақ, онда сезікті мен айыпталушы өздеріне жүктелген «Жақындауға тыйым салу» туралы шектеуді бұзған жағдайда оларға қатысты ақшалай жаза қолданылатындығын түсінуге болады.

Осылайша, заңнама ақшалай жаза шарасының қолдану аясын едәуір кеңейтіп іс жүргізудің қатысушыларына қатысты ақшалай әсер ету шарасының дамуына қосымша мүмкіндік беріп отыр. Бұл әрекет тек қылмыстық іс жүргізу заңнамасының ғана емес, сонымен қатар басқа да заңнамалардың ақшалай жаза шарасына қатысты түбегейлі өзгерістерді тудыруы ықтимал.

<sup>1</sup> «Жаңа онжылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Ел Президентінің Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2010. 30 қаңтар.

БАЙҒАРАЕВ А. С. АЛДЫНАЛА ТЕРГЕУДЕ АҚШАЛАЙ ЖАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ...

<sup>2</sup>Бұл да сонда.

**Резюме**

В данной статье рассматриваются правовые вопросы совершенствования денежного взыскания в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан.

**Resume**

In given clause is considered (examined) legal questions of perfection of collecting in criminal legal proceedings of Republic of Kazakhstan.